

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал

ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИАНЫ ПАЙДАЛАНУ



2-2014

Жансая ОМАРБЕКОВА,

№ 22 орта мектептің математика пәні мұғалімі.

“МАТЕМАТИКАЛЫҚ МАРАФОН”

Мақсаты:

1. Математика пәнін дене тәрбиесі пәнімен байланыстыру, оқушыларды алғырлыққа, шапшандыққа, тапқырлыққа, іскерлікке дағдыландыру;

2. Оқушылардың мақсатқа жету барысында жауапкершіліктерін жетілдіру, күшіне деген сенімін арттырып, үлкен жетістіктерге жетуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: спорттық құралдар, плакаттар.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деп Абай атамыз айтқандай, уақытында математика сырын түсінбей, кейіннен уысымызға түсіре алмай қалмау үшін, бүгінгі таңда математикамен әрі қарай сырласып әрі мұндасып қалу үшін өткізгелі отырған “Математикалық марафон” атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Өмірде ойлап тұрсаң бәріде есеп,

Ауырсаң ішетугін дәрі десең.
Есепсіз өмір сүрген мазмұнсыз-ау,
Дүниенің бар тұлғасы есеп десек, - дей келе,
марафонымызды бастамас бұрын ойынға
қатысушыларымызды екі топқа бөліп алайық.

Әділқазы, ақ қазыға бір сөлем!
Әділдікке бас иеді күллі әлем!
Жүйрік озар сайыстарда неше бір
Сарапқа сап әділдікпен шеше біл! - дей отырып,
әділқазылар алқасын сайлап алайық.

Білім деген биік шың,
Бақытқа сені жеткізер.
Білім деген ақылшың,
Қиындықтан өткізер, - дегендей, сайысымыздың бірінші
кезеңін бастайық.

“Допты түсірмеу” (“Әзіл-шындық сурақтар”)

Бұл ойында ойыншылар төбелеріне қойған допты түсіріп
алмай, межеленген жердегі әзіл-шындық сурақтарға жауап
берулері керек. Дұрыс жауаптарға I ұпайдан беріліп отырады.

Қандай үш бір таңбалы сандардың қосындысы олардың
көбейтіндісіне тең? (1, 2, 3)

Ең кіші жай сан. (2)

Миллионда неше нөл бар? (6)

11 жай сан ба, әлде құрама сан ба? (жай)

Ең кіші натурал сан. (1)

225 нешенің квадраты? (15)

Қай сан барлық санға қалдықсыз бөлінеді?(0)

Дәлелденбейтін ұйғарым. (аксиома)

Екі нүктенің арасындағы түзу. (кесінді)

Асын өсте саспайық,

Батыл қадам бастайық.

Еркінді билеп барынша,

Жарыста сірә қалысна.

- Кезек ойынымыздың екінші кезеңіне келді.

“Кенгуру” (“Фазл” құрастыру)

Бұл ойында ойыншылар тізелеріне допты қыстырып
жүріп отырып, межеленген жердегі формулалар жасырылған
фазлдарды құрастырады. Дұрыс жауаптарға I ұпайдан беріледі.

I топ. $C^2 = a^2 + b^2$

II топ. $D = b^2 - 4ac$

Бұл жерге келмеді ешкім ермек үшін,

Есеп-қисап, сан цифр термек үшін.

Көрсетіп есептеудің жолын қалай,
Келдім айтып оларды бермек үшін.

“Қаппен секіру” (“Тізбекті тапсырмалар”)

Бұл ойында топ ішінен 5 ойыншы бірінен кейін бірі
қаппен секіріп келіп, тізбекті тапсырмаларды орындауға
міндетті. Дұрыс жауаптарға I ұпайдан беріліп отырады.

I топ

$$3^2 = \square * 0.2 = \square / 0.2 = \square - 9 = \square / \square = \square$$

II топ

$$2^3 = \square * 0.2 = \square / 0.4 = \square - 4 = \square / 1 = \square$$

Осындай алғыр достар кез келгенде,

Жетсін-ау жарыстарда жеңгенге не?

Қарсылас болғанменен құрбысыңдар,

Тілейміз ізгі тілек сендерге де!

“Допты нысанға жеткізу” (“Бір әріпке бірнеше жауап”)

Бұл ойында хоккей таяқшаларының көмегімен допты
көгергілерден өткізу арқылы берілген тапсырмаларды
орындайды. Берілген тапсырма: берілген әріптерге
математикалық терминдер жазылу керек.

I топ. II топ.

C A M T

“Су жинау” (“Әріпті сөзжұмбақ”)

Топ ойыншылары өздеріне тиесілі бос ыдыстарға су жинау
арқылы шашылған әріптер бойынша сөзжұмбақтарды шешуге
тиісті. Дұрыс жауаптарға ұпай беріліп отырады. Ойын
соңында жиналған су мөлшері анықталады. Көбірек
жиналған суға ұпай қосылады.

Қорытынды.

Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз! - дей отырып, бүгінгі сайысымыз
да өз мәресіне жетті. Жеңіске жеткен топты анықтау үшін
сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз.

Қарағанды облысы,

Қарқаралы ауданы.